

Бекітемін: *Асқақ*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«ЖОЛ ТӘРТІБІН БІЛЕЙІК»

Ересектер «Ер Төстік» тобы



Тәрбиеші: *Ходжа-Ахметова К*

Таушық ауылы, 10.11.2025 жыл

«Адал азамат» Бір тұтас тәрбие. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы

Тақырыбы: «Жол тәртібін білейік»

Мақсаты: Балаларға жолда жүру ережесін үйрету. Полиция қызметкерінің еңбегімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға баулу. Балалардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс-жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Балаларды сақтыққа тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері мен бағдаршам туралы түсініктерін кеңінен кеңейту.

Көрнекіліктер: Бағдаршам, жол қозғалысы белгілері, самокат, көліктер, түрлі-түсті доптар және.т.б

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме! Балалар, бүгін бізге қонаққа ауылымыздың жол полиция қызметкері қонаққа келген екен. Сіздерге жол ережелері туралы түсінік беріп, сұхбат жасайды.

Полиция қызметкері: Сәлеметсіздер ме балалар! Мен- жол полиция қызметкерімін. Бүгін сендермен бірге жолда жүру ережелерімен тәртібін бірге үйренуге шақырамын.

1. **Хор:** Әнұран орындау.
2. **Көрініс:** «Жол тәртібін білейік»

-Балалар жолдан өтпекші болады. Жасыл шам жанғанда бәрі өтеді. Кенеттен тентек бала қызыл шам жанғанда өтпекші болады. Полиция ағай оны тоқтатады да жол ережесін түсіндіреді.

Полиция қызметкері: Қауіпсіздік- әрқашан маңызды. Жолда тәртіп сақтайық балалар!

3. Жұмбақтар шешу.

1. Жоқ өзінде бас та, ауызда, құлақта,

Бақырайған үш көзі бар бірақ та.

Өзі сөйлей де алмайды,

«Тоқта, дайындал, жүр» дейді бірақта.

Бұл не? (Бағдаршам)

2. Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өмірінді күзеткен,

Ысқырығы күшті адам. (Автоинспекция қызметкері)

3. Төрт аяғы бар, өзі жылдам жүреді. (Машина)

4. Дидактикалық ойын: «Жол ережелері»

Балаларға берілген жол ережелері белгілерін дұрыс тауып құрастыру және дұрыс атай білу.

5. Кім шапшаң?» ойыны

Балаларға әртүрлі доптар беріледі. Балаалар бағдаршам көздерін дұрыс тауып орналастыруы керек.

6. Сергіту сәті: «Бағдаршам»

Алдын ала дайындаған үш түсті көрсетіп, балалардың қаншалықты жинақы екендігін байқайды.

Бағдаршамның жасыл көзін көрсеткенде балалар алға қарай жүреді, сары көзін көрсеткенде бір орында аяқтарын қозғалысқа келтіреді.

Қызыл көзін көрсеткенде бір орында қозғалмай тұрып қалады.

7. Сұрақ-жауап:

-Бағдаршам дегеніміз не? Оның неше көзі бар? Қандай қызмет атқарады?

- Бағдаршамның қызыл шамы жанып тұрғанда, кімдерге өтуге рұқсат етіледі?

-Қандай жол ережелері бар?

Жүргізуші:

Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,

Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да,

Жол жүру ережесі-заңды тәртіп,

Ол ортақ үлкен-кіші баршамызға.

Жол жүрудің тәртібін,

Ережесін білеміз.

Сақтанғанда қатерден,

Сау-саламат жүреміз – деп бізге қонаққа келген жол полициясы ағайға алғысымызды білдіреміз.

Сау болыңыздар!

Жолда әрқашан сақ болыңыздар!

